

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БИЗНЕС ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ЗАҢНАМАЛЫҚ ОРТА: ТРАНЗАКЦИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАС

Салыстырмалы құқықтық жүйелер





Халықаралық сауда құқығын, халықаралық бизнес қатынастарын реттеу барысында бірнеше құқықтық жүйелер мен құқықтық салт-дәстүрлер қалыптасқан. Халықаралық бизнес транзакциялары ДСҰ стандарттарына қатысты бір жүйеге келтірілгенімен, ол көптеген құқықтық жүйелер мен құқықтық салт-дәстүрлерге байланысты әртүрлі болып келеді. Құқықтық жүйелер мен құқықтық салт-дәстүрлер бір-бірімен тығыз байланысты. Құқықтық салт-дәстүрлер құқықтық жүйелерде көрініс табады. Құқықтық жүйелер дегеніміз белгілі бір жеке мемлекеттің құқықтық жүйесі (ҚХР құқықтық жүйесі немесе Францияның құқықтық жүйесі).

Құқықтық салт-дәстүрлер белгілі бір құқықтық жүйеге негізделген халықаралық бизнес транзакцияларында немесе халықаралық сауда қатынастарында қалыптасқан дәстүрлер. Мысалы, Қытайда азаматтық құқықтық жүйе принциптеріне негізделеді. Қытаймен қандай да бір келісім жасауға ниетті мемлекеттер азаматтық құқық принципіне негізделген келісімдер жасайды. Сондай-ақ, қытайлықтар халықаралық транзакциялар жүргізу барысында туындаған дау-дамайларды қытайлық сот қарайтын болса да онда ол осы принципке негізделіп қарастырылады. Егер осындай даулар Британия сотымен қаралатын болса, соттағы шешімдер британдық компанияның пайдасына шешілуі мүмкін. Себебі, британдық сот өз азаматтары мен кәсіпкерлерін қолдайтындықтан емес, қаралатын сот процесінде қандай құқықтық жүйе мен салт-дәстүр қалыптасқанына байланысты.

Әр мемлекетте халықаралық келісімшарттар жасасу әртүрлі көзқараспен қабылданады. Мысалы, Қытай, Жапония сияқты елдерде келісімшарттар көбіне мәдениетке, салт-дәстүрге сүйенетін болғандықтан өте қысқа жасалады. Себебі, бұл мемлекеттердің барлығында азаматтық құқықтық принципке негізделген құқықтық салт-дәстүр қалыптасып кеткен, яғни келісімшарт бойынша алдағы уақытта болуы мүмкін кездейсоқ жағдайлар келісімшартқа енгізілмейді. Бұл жағдайлар нормативтік-құқықтық актілерде белгіленеді. Қылмыстық, азаматтық және әкімшілік іс-жүргізу кодексі сияқты кодификацияланған заңдарда болатын кездейсоқ жағдайлардың барлығы алдын ала анықталып жазылады. Егер келісімшарт АҚШ немесе Британиядағы серіктестермен жасалатын болса, бұл келісімшарттар көптеген тармақтардан тұруы мүмкін. Себебі, бұл елдер жалпы құқық принциптеріне негізделген сот ісін және жалпы халықаралық қатынастарын жүргізеді. Бұл елдерде сауда келісімдерін жасау жан-жақты және толық қамтылған. АҚШ-тағы және Британиядағы халықаралық бизнес субъектілері келісім жасау барысында, барлық мәселелерді осы келісімге жазып қояды. Болашақта пайда болған дау-дамайларды шешуде осы келісімдер басты нормативтік-құқықтық акті ретінде қарастырылады. Егер келісім АҚШ және Еуропалық одақ арасында жасалса, туындаған дау-дамайларды шешуде жасалған келісімдер қаралмайды. Себебі, Еуропалық сот негізінен азаматтық-құқықтық принциптеріне негізделген, бәсекелестік туралы заң бойынша еркін бәсекелестікке шек қойылып отыр деген желеумен келісімдегі жасалған тармақ есепке алынбайды. Сонымен іс ЕО серіктестігінің пайдасына шешілуі мүмкін.

Халықаралық сауда қатынастары барысында туындаған дау-дамайлардың шешімі құқықтық жүйеге ғана байланысты емес, сондай-ақ сол жүйеге қатысты судьяның атқаратын рөліне де байланысты. Мысалы, азаматтық құқық принципінде судьялар іс бойынша фактілер жинайды, тараптардың кінәсінің дәрежесін анықтайды, қорыта айтқанда судьялардың сот процесіне тікелей қатысы бар. Жалпы құқық принципіне негізделген сотта судьялар тек шешім шығаруға ғана қатысады. Ал сот ісі бойынша дәлелдемелерді прокуратура мен қорғаушы адвокаттар жүзеге асырады.

Халықаралық сауда қатынастары барысында туындаған дауларды шешу үшін құқықтық жүйелер мен құқықтық салт-дәстүрлер бір-біріне кедергі жасамау үшін ғылымда салыстырмалы құқықтық жүйелерді реттеу мәселесі қарастырылады. Бұл мәселе екі көзқарастан тұрады. Біріншісі, Рудольфо Сакко негізін салған көзқарас – орталық ядро. Бұл көзқарас бойынша бір келісімге келу үшін әртүрлі салт-дәстүрлердегі ұқсас тармақтар алынады. Екінші көзқарас – Рудоль Шлесингердің үздік ережелер қағидасы, яғни әртүрлі құқықтық салт-дәстүрлер ішінен ең үздігін таңдап алу ұсынылады.

Халықаралық сауда қатынастары барысында туындаған дауларды шешу мәселесінде қалыптасқан тағы бір жүйе – Қытайлық құқықтық жүйе. Бұнда екі көзқарас қарастырылады: конфуций және легализм.



Конфуций теориялары мен концепцияларына негізделген бірінші көзқарас бойынша істі шешу барысында құқық екінші орынға қойылып, алдыңғы шепке мораль және адамгершілік, атақ-абырой нормалары шығады. Екінші легализм көзқарасы бойынша құқықтық нормалар бірінші орынға қойылады. Бұл жағдайдағы дауды шешу қабылданған заң актілері бойынша жүргізіледі. Қытай 1978 жылға дейін жабық есік саясатын ұстанғанын еске салсақ, легализм көзқарасы бойынша істерді қарау ашық есік саясатын ұстанған уақыттан бастап жүзеге асырылып келеді. Осы жерде Мао Дзедун өз саясатында конфуцийлікпен күрес жүргізгенін атап өту керек.

Халықаралық аренада қалыптасқан құқықтық жүйенің келесі түрі – мұсылмандық құқықтық жүйе. Бұл Біріккен Араб Әмірліктері, Иран және Малайзия сияқты мемлекеттерде қалыптасқан. Мұсылман құқығының негізгі қайнар көзі – Құран. Құранда көпшілік мәселелер терең қарастырылмаса да, мұсылман мемлекеттерінің негізгі бағыттары мен қағидаттары қарастырылған. Мұсылман құқығындағы екінші қайнар көз – сүннет. Сүннет – Пайғамбардың айтқан ойлары, пікірлері немесе көзқарастары. Мұсылман құқықтық жүйесіндегі келесі акті – иджма деп аталады. Иджма – Пайғамбардың ізбасарларының озық ой-пікірлері. Қазіргі кезеңде көптеген халықаралық бизнес қатынастарын реттеу үшін мұсылман ғалымдары Құран, сүннетте айтылған ойларды келтіріп өз пікірлерімен бөліседі. Қияс – мұсылман құқық жүйесінің төртінші қайнар көзі.

Мұсылмандар арасында қарызға ақша алып оны пайызбен қайтарып беру үлкен күнә болып есептеледі. Осыған орай, қаржыландырудың альтернативалық түрлері қарастырылған. Мысалы, мубарака мен мудараба. Мубарака венчурлік қаржыландыруға ұқсас. Бұнда акционерлердің капиталы бірнеше бөлшектерге бөлініп халықаралық бизнес транзакциялары қаржыландырылады. Мудараба бойынша кімде-кім халықаралық бизнес қатынастарына қаржы бөлетін болса, қаржы берген адам сол тауардың иесі.

Халықаралық сауда қатынастарында туындаған дауларды шешуде көптеген мемлекеттер халықаралық арбитражға жүгінеді. Қазіргі кезде халықаралық аренада төрелік қызметін ұсыну өзекті. Оның артықшылығы: тараптар арбитражды өздері таңдайды және дауды шешу кезінде қолданылатын құқықтық жүйені де тараптардың өздері таңдайды.